

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАРҚАРАЛЫ ӨЛКЕСІНДЕГІ
САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Әділет Бауыржанұлы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
аға оқытушысы, г.ғ.м.,
Гүлден Аманкелдіқызы
№61 жалпы білім беретін мектеп
тарих пәнінің мұғалімі, п.ғ.м.
Қарағанды қ., Қазақстан

Әлемдік деңгейде тойланып жатқан Ұлт ұстазының мерейтойына орай 2022 жылдың 21 мамырында академик Е.А.Бөкетов Атындағы Қарағанды Университеті Тарих факультеті «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы мен «Жас Алаш» ғылыми-зерттеу клубының ұйымдастырумен Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арнап «Қарқаралы – ұлттық-демократиялық қозғалыстың бесігі» атты тарихи-танымдық сапарға Қарқаралы жеріне барған болатынбыз. Осы тарихи-танымдық сапарға барып келгеннен кейін біз ұсынғалы отырған тақырып «Алаш қозғалысының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының Қарқаралы өлкесіндегі саяси-қоғамдық қызметі» туындаған болатын.

Ахмет Байтұрсынұлы көзі тірісінде телегей теңіз білімі мен дарынды қабілетінің арқасында Алаш қозғалысының рухани көсемі болды. Өйткені өзінің замандастары мен шәкірттері тұлғаның өмірі мен шығармашылығын халыққа жеткізді. Ахметтану ғылымының алғашқы қарлығаштарын біз тізіп отырмаймыз, біздің мақсатымыз тұлғаның Қарқаралы кезеңіне қатысты нақты мәліметтері бар мақалаларды саралаймыз.

Сол мәліметтердің басында 1919 жылы А.Н. Самойлович жазған ғылыми мақалада: «1891 жылы Орынбордағы қазақ мұғалімдер мектебіне түсіп, 1895 жылы бітіргеннен кейін оқытушылықпен айналысты. Төңкеріс алдында 1905 жылы төңкерістік қозғалыстарға қатысады. Төңкерісшіл қазақ бұқарасына 1905 жылдан жетекшілік жасайды. Қозғалыс кезеңінде жасырын ұйымдарда өз жұмыстарын жалғастырады. Оны Семейдің түрмесіне жабады, ал 1910 жылы екі жылға қазақ-қырғыз аймақтарында тұруға тыйым салынып, жер аударды» [1, 83-84 б.], – деп көрсетілген.

Осы кезеңді айшықтап көрсетіп алғашқы мақала жазған замандасы, әрі шәкірті Мұхтар Әуезов: «...Жиыны үшеуінде төрт жыл тұрып, 1896 жылы Омбыда Ақмола, Семей школдарын басқарып тұрған Алекторовпен хабарласып, Омбыға барған.

Алекторовпен танысудың екінші әсері – Ахаңның жолы ашылып, пікірі ашылып, бұрынғы білім-өнер жүзіндегі шала білініп, көмескілеу түсініп жүрген нәрселерін таза білуіне себеп болған. Омбыдан соң аз уақыт тұрған жері – Қарқаралы. Онда 1896 жылдан бастап 1907 жылға шейін тұрған. Қарқаралыда әуелде сыныптық орыс-қазақ школында болып, артынан городское училищенің оқытушысы болған.

Қарқаралыда тұрғандағы соңғы 4 жыл Ахаңның саясат ісіне белсеніп кірісіп, жазуымен де, ісімен де бой көрсеткен кезі. Сол мезгілде 1905 жылдың өзгерісі болған. Қазақтың Мәскеуден келген бірін-сараң студенті, басқа қалаларда оқып жүрген жастары һәм ескіліктен келе жатқан пікірі түзу үлкендерінің арасына өзгеріс рухы жайылып, қазақтың елдігін сөйлей бастаған кездері сол мезгілі болатын. 1905 жылы Қарқаралыда Ахаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген, ол петициядағы аталған үлкен сөздері – бірінші, жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған, екінші, қазақ жұртына земство беруді сұраған, үшінші, отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан

қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан Ахандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан. Көпшіліктің оянуына себепші болған. Сол жылдардан кейін бас қосқан жиында, жазысқан хатта, оңашада болған әңгімеде ел қамы, ел мұңы деген сөздер Аханның аузынан кетпейтін сөзі болған. Елшілдік ұранын салып, агитацияның ауданын кеңейтіп, ел ішіне арманды сөздерін жая бастаған.

Сол доностың арқасында 1907 жылы Қарқаралы қаласында Аханды 6 жолдасымен абақтыға салған. Қарқаралы тұтқынында аз уақыт отырған соң «жазалыларды» Семейге айдаған. 12 жыл өмірін өткізіп, еңбегі жанбай айдалып бара жатқанда Аханның қайғылы көңілінен шыққан ауыр сөздің бірі:

Қош сау бол, Қарқаралы, жуылмаған,
Айдай бер, қалса адамың қуылмаған, –

деген өлеңінен анық көрінеді. Семейде сегіз ай абақтыда отырған соң бір жарым жылға (административтік ссылаққа) айдау ретімен Орынборға келген» [2, 18-19 б.], – деген дерекке толы мәлімет береді. Осы мақаладан кейін қазақ тілінде жазылған Ахмет Байтұрсынұлы өмірі мен қызметіне арналған кейбір еңбектер негізінен жазушы, ғалым Мұхтар Әуезовтің айтқандарын айна-қатесіз бірден-бірге көшіре бергенін көреміз.

Ахмет Байтұрсынұлы ақталмай тұрған кеңестік кезеңде 1974 жылы түрколог Александр Кононов «Библиографический словарь отечественных тюркологов (дооктябрьский период)» атты еңбекте: «В 1895-1909 учительствовал в аульных, волостных уч-щах. в Актюбинск., Кустанайск. и Каркаралинск. у. За участие в революцион. движении в 1909 был арестован и выслан на 2 г. за пределы Казахстана.» [3, 118 б.], – деп батырлыққа барады.

1988 жылдың 4 қарашасында Қазақ ССР Жоғары сотының шешімімен Ахмет Байтұрсынұлы ақталғаннан кейін тұтқаның өмірі мен шығармашылығын зерттеудің жаңа белесіне көтерілгені анық. 1989 жылы ахметтануға алғашқылардың бірі болып қалам сермеген ғалым Ш. Сәтбаеваның алғы сөзімен «Байтұрсынов, А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер» жарық көрді [4]. Осы кітаптың алғы сөзінде Қарқаралы кезеңі турасында: «...Ахмет 1896-1907 жылдары Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездеріндегі ауылдық және болыстық мектептерде екі кластық училищелерде мұғалім болып қызмет атқарады», – одан келесі абзацта: «Қарқаралыда мұғалім болып жүргенде әділетсіздікке, патша өкіметінің саясатына қарсы наразылық білдірушілер қатарында болғаны үшін Ахмет Байтұрсынов бақылауға алынады да, 1909 жылы июльде Семей түрмесіне камалады» [4, 4-5 б.], – деп көрсетілген.

Біз қарастырып отырған кезең турасында 1991 жылы ғалым Р. Нұрғалиев құрастырған «Байтұрсынов, Ахмет. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публистикалық мақалалар және әдеби зерттеу» атты кітабында: «1895 жылдың 1 июнінен бастап мұғалім болады: Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне араласады, әділет үшін күреседі, жуандарға, байларға қарсылық білдіреді, патшаның отаршылық саясатын айыптайды. Ауылдық, болыстық, кейін екі класты мектептерде ұстаз бола жүріп, 1901 жылдан бастап қолы бос кездерде өзі ізденіп, сан алуан кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жасайды, өлең-жыр тудырады, фольклор нұсқаларын жинайды. Ел ішінде жас оқыған, еркін міезді батыл ойшыл бедел-атағы өсе бастайды. Полиция тыңшыларының жаласымен күйе жағылып, губернатор Тройницкий жарлығы бойынша Қарқаралы екі класты училищесінің меңгерушісі Ахмет 1909 жылы, 1 июль күні Семей абақтысына алынып, сотсыз, үкімсіз, нақақтан-нақақ 8 ай бойы азап-қорлық көріп, торығады, қиналып, ширайды, ақыры күреске белді бекем буады» [5, 3 б.], – дейді.

Ғалым К. Нұрпейісов осы жайлы: «Азамат болып есейіп, Қарқаралы қаласында екі класты училищенің меңгерушісі қызметін атқарып жүрген Ахметтің өзі де полиция тыңшыларының жаласымен 1909 жылы Семей абақтысына жабылып, 8-9 айдай түрменің дәм-тұзын татқан. Осындай оқиғалар тізбегі жігіт Ахметтің қоғамдық-саяси күреске

ертерек араласуына түрткі болған» [6, 187 б.], – мақаласында ахметтануға қосылған мол олжа болғанымен, біз қарастырып отырған кезең турасында нақты мәліметтер кездестіре алмаймыз.

2003 жылы «Алаш мұрасы» сериясымен Байтұрсынұлы А.Б. Бес томдық, шығармалар жинағына жауапты редакторы ғалым А. Ісімақова, кітапты құрастырып, алғысөзі мен ғылыми түсініктемелерді жазғандар: А.С. Ісімақова, Г. Шрәлиева, С. Сәкенов, К. Мустафаевалар еңбегі ахметтануды дамытуға зор үлесін косты деп айта аламыз. Осы жинақтың бірінші томында ф.ғ.д., профессор Айгүл Ісмақова: «1896-1907 жылдары Ақтебе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық және болыстық, мектептерде мұғалім болып қызмет атқарады» [7, 6 б.], – дей келе, ары қарай: «1896 жылы Ахмет пен Бадрисафа Қарқаралыға келеді Қарқаралыдағы күндері тарих парақтарынан белгілі» [7, 8 б.], – деп нақтылай түседі.

2013 жылы елімізге белгілі бір топ ғалым Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы құрастырып, алдында шыққан дүниелерді жаңа табылған материалдармен өндеп жарыққа шығарады. Осы жинақтың бірінші томының алғы сөзін жазған ғалым А. Ісімақова: «Алты Алаштың ардақтысының Қарқаралыда атқарған қоғамдық қызметі туралы толық мәліметтермен тарихшы М. Құл-мұхамедтің «Алаш ардагері. Жақып Ақбаев» атты еңбегінен танысуға болады» [8, 4 б.], – деп сілтеме жасайды. Алайда көрсетілген еңбек Алаш зиялысы Жақып Ақбаевқа арналғандықтан Ахмет Байтұрсынұлының Қарқаралы кезеңі толық қамтылмаған, тек 1909 жылы түрмеге қамалуы архив деректерімен келтіріліп жазылған.

Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағының алтыншы томында ғалым Р. Сахыбекқызының «Ғұлама ғұмырнамасы: мұрағат деректері» атты мақаласы архивтік құжаттар мен деректерді талдай отырып жазылған дүние. Осы мақалада: «Шындығында, Ахметтің 1907 жылы емес, 1908 жылы қарашада аз уақыт абақтыда отырғандығы жөнінде дерек бар» [9, 336 б.], – деп Мұхтар Әуезовтің жазғандарын алғашқылардың бірі болып түзетеді. Алайда біз қарастырғалы отырған кезең турасында қарама-қайшылықты мәліметтер де мақалада кездеседі: «1896-1901 жж. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектепте, екі сыныптық училищеде оқытушылық қызмет атқарады», [9, 336 б.], – дей келіп, ары қарай: «1905 жылы қазақ оқығандарымен бірге Қоянды жәрменкесінде бас қосып, Кіндік үкіметке қазақ ұлтының тілегін білдіріп, құзырхат жазады. 1905-1908 ж.ж. Қарқаралыдағы орыс-қазақ училищесінің оқытушысы әрі меңгерушісі болып, екі міндетті қатар атқарады» [9, 336 б.], – дейді.

Ғалым З. Тайшыбай Қарқаралы кезеңі туралы деректер аз екенін айта келіп: «Аханның Қарқаралыдағы ағартушылық қызметі туралы да айтуға болады. А.Байтұрсын – «Мектеп мұғалімі һәм жетекшісі» деген қызмет, шын мәнінде, бүкіл уездегі мектептердің, ағарту мекемелерінің жұмысын үйлестіру, әдістемелік, ұйымдастыру қызметін атқару. Қазіргіше айтқанда, уездік оқу бөлімінің басшысы. Архив құжаттарында, мысалы «Ахмет Байтұрсыновпен қандай байланысың бар?» деген сұраққа: «Байтұрсынов Қу, Едірей, Темірші... болыстарына мектеп жұмысымен келіп тұрды, мұғалімдердің сабақтарын тексерді. Мектептің құрал-жабдықтарына көмектесті, саяси мәселе жөнінде сөз қозғамайтын» деген жауаптар жазылған. Ақанның үйін тінткенде Ресейде шығатын оппозициялық газеттер табылған» [10], – деп тұлғаның Қарқаралыдағы қызметіне орай тың архивтік деректермен бөліседі. Мақала соңында: «Қарқаралының іргесіндегі Ақтерек (Бидайық) мектебінде Ақанның алдынан оқыған қазақ азаматтары туралы да деректер аз емес» [10], – деп тұлға қырын танытуда жаңа зерттеулерге итермелейді. Осы турасында тарихшылар Н. Смағұлов пен М. Амрина осы Ақтерек ауылы мектебі турасында Ақжан әл-Машанидің архивтік деректерін сөйлете отырып: «...Кейініректе, сол интернатта көп жылдар Ахмет Байтұрсынов сабақ берген» [11] – дейді.

Өлкетанушы Ю. Поповтың «Каркаралинское время Ахмета Байтурсынова» атты мақаласында: «В 1904 году в жизни Каркаралинска произошло знаменательное событие.

Газета «Семипалатинский листок» сообщила об открытии двухклассного русско-киргизского училища. Заявления о приеме подали 112 человек. Заявления были рассмотрены 24 октября 1904 года. Занятия начались 1 ноября этого же года. Число учеников составило 104 человека. Это были мальчики – казахи и русские. Совместное обучение на казахском и русском языках позволяло представителям двух наций в совершенстве овладеть второй речью. Заведующим училищем был назначен А. Байтурсинов» [12], – деп тұлғаның 1904 жылы Қарқаралыға келген уақытын нақты бізге көрсетіп береді деп санаймыз. Ашылған мектепте: «Штат училища был небольшим. Кроме заведующего – А.Б. Байтурсинова были еще 2 учителя и один или два помощника учителя – М.Д. Желнин, Ахметгали Аяганов, Ережеп Айманов, А.К. Чумакин. Для бесед приглашали имама Каркаралинской мечети Комекбая Джетымышева и священника Феодосия Патрушева. Первый врач при училище – Ю.В. Вихерт» [12], – қызметкерлерін атап өтеді. Алайда, ғалым З. Тайшыбай мен өлкетанушы Ю. Поповтың бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалары көпшілік қауымға арналғандықтан қолданылған архивтік деректер сілтемесіз берілген.

Ахмет Байтұрсынұлы өмірдерегін жаңа табылған архивтік құжаттар негізінде жазып жүрген ф.ғ.д., профессор А. Әбсадық осы Қарқаралы кезеңін: «Түйіндей келгенде, аталмыш архивтік құжат А. Байтұрсынұлының 1902 жылдың 1-мамырынан бастап Ақмола және Семей облыстары халық мектептері директорының ісжүргізушісі болып бекітілгенін (Алекторов 1902 жылы Торғай облысының оқу инспекторы қызметінен Ақмола, Семей облыстарының халық мектептері директоры қызметіне ауысқан болатын), аталмыш қызметті екі жыл атқарып барып, 1904 жылдың көктемі мен 1905 жылдың жаз айлары аралығында Қарқаралы қаласындағы 2 сыныптық мектептің меңгерушісі қызметіне ауысқанын көрсетеді» [13], – деп нақты айқындап береді. Сондықтан да, Ахмет Байтұрсынұлының Қарқаралыға келуін Ю. Попов пен А. Әбсадық анықтап берген 1904 жылдан бастап енді жазылатын барлық еңбектерде түзетуіміз керек деп санаймыз.

Ары қарай тұлғаның Қарқаралыдағы қызметін: «Ахмет ездил по аулам, агитировал людей в пользу просвещения и делился с ними тем, о чем мечтал. С приездом А.Б. Байтурсинова число аульных школ заметно увеличилось», – дей келе Қарқаралы аумағында 1904-1905 жылдары ашылған мектептерді көрсетіп кетеді. Ол мектептер:

«1. 11 марта 1904 года – дата открытия Дагандельской аульной школы в урочище Кунгей у горы Карашоқы, в 40 верстах от северного берега Балхаша. На открытие школы Демесин Меирманов пожертвовал 100 руб. 17 сентября 1904 года он стал Почетным блюстителем школы.

2. Инициатором открытия Егендыбулакской аульной школы указан Хасен Акаев. Он же с 20 августа 1904 года Почетный блюститель школы. Уроки вел преподаватель Смаил Байтенов.

3. В Шубартауской волости прославился на ниве образования волостной управитель Оспанкул Менаяков, 1856 г.р. Он был Почетным блюстителем школы. 7-го марта 1905 года Менаяков удостоен Почетного халата II разряда. Учителями названы Мусаил, потом Туркбай Менаяковы.

4. В 1905 году были намечены к открытию Моинтинская аульная школа в урочище Аркалык, в Абралинской волости – в урочище Каракудык. Затем открылась Канлыбаевская школа в Едрейской волости с Почетным блюстителем Тоғамбеком Юсуповым (Жусуповым). Ранее Тоғамбек Жусупов два срока (с 1889 по 1895 год) состоял в должности заместителя волостного управителя. В Акботинской волости Почетным блюстителем школы назначен Кабыш Альменев. Об аульной школе в Сарытауской волости данные не нашлись.

5. В соседнем Павлодарском уезде известны Баянаульская и Аккелинская аульные школы. Первая открыта 30 ноября 1904 года, вторая – 22 ноября 1904 года. Почетным блюстителем Аккелинской русско-киргизской аульной школы 24 мая 1905 года утвержден Садвокас Мусин Чорманов.

6. Была сделана попытка открыть начальную школу в станице Каркаралинской» [12], – бұдан шығатын қорытынды, Ахмет Байтұрсынұлы өзінің келуімен бір ғана өңірде қаншама мектептер ашуға түрткі болғанын көре аламыз.

Өлкетанушы Ю. Попов өзінің мақаласында тұлғаның бізге беймәлім деректерін алға тартады: «А.Б. Байтұрсынов из общественных городских организаций выбрал работу в комитете попечительства о народной трезвости. В этот комитет входили также врач Ю.В. Вихерт, крестьянский начальник В.А. Рогалевич, учитель-инспектор А.Л. Степанов, городской староста А.Н. Сивиллов, учительница А.А. Белдыцкая и другие» [11]. Сонымен қатар мақала авторы Алаш зиялысы Әлімхан Ермековпен сұхбатында: «Но вот мнение выпускника Каркаралинского трехклассного городского училища А.А. Ермекова. Автор беседовал с ним 22 августа 1969 года.

– Считаю, что Байтұрсынов был близко знаком в Каркаралинске с Белдыцким, Аягановым, Чемодановым. Это были прогрессивные, думающие люди. Много читали, хорошо понимали необходимость народного образования. Сам Байтұрсынов призывал нас, школьников-казахов, читать Пушкина, Некрасова, других русских поэтов. Он любил басни Крылова и иногда декламировал свои переводы его произведений из будущей книги «Қырк масал» («Сорок басен»)...)» [11], – жариялайды.

Ғалым З. Тайшыбай мақаласында: «...Әлекендер, Ақандар бастатқан Алаш көсемдері ақталмай тұрған кезде Омбыдағы, Алматыдағы архивтерден тапқан деректеріміз Ақанның Қарқаралыда қызмет атқарған кезінде саяси қайраткер ретінде қалыптасып, көзге түскенін көрсетеді» [10], – деп біз қарастырып отырған тұлғаның Қарқаралы кезеңіне аса мән беруді көрсете білген. Қарқаралы петициясы жайлы: «петицияларда тұтас ұлт тағдыры мен келешегінің мәселелері саяси сауатты, мақсатты бағдарлама ретінде, аты аталып, түсі түстелген құжат ретінде, ақы иесінің тікелей өзіне, яғни, біріншісі Ресей патшасына, екіншісі Ресейдің атқарушы Үкіметіне, үшіншісі Ішкі істер министріне, саяси, экономикалық, әлеуметтік проблемаларды жеке-жеке атап көрсетіп, солардың шешілуін талап етуінде болатын» [10], – деген ойдан шығатын қорытынды Алаш қозғалысының қайнар бастауында тұрған Қарқаралы петициясын Ахмет Байтұрсынұлы ұйымдаструшылардың бірі бола отырып алғашқы саяси қадамдарын осы жерде бастағанын көреміз.

Ғалым Р. Сахыбекқызы архивтік құжаттар бойынша Ахмет Байтұрсынұлының Қарқаралыдағы жылдары турасында: «1908 жылы саяси көзқарасы үшін Қарқаралы абақтысына қамалады. Қарқаралы – Ахметті саясат ісіне баулыған жер. Қарқаралы абақтысы оның бірінші рет тар қапасаққа қамалуы еді» [9, 336 б.], – деп айқындайды. Тұлғаның өз қолымен жазған өмірбаянында: «1909 жылы Қарқаралы қаласындағы екі сыныптық училищенің меңгерушісі болып жүргенімде, Семей губернаторы Тройницкийдің өкімімен тұтқындап, Семей түрмесіне жіберді. Жандармның анықтауына дейін 1909 жылдың 1 шілдесінен 1910 жылдың 21 ақпанына дейін сонда отырдым. Түрмеден Қазақ облысының аумағында тұруға тыйым салынып, Ресейдің басқа губерниясында тұру құқымен босатты. Менің таңдауым Қазақстанға жақын орналасқан Орынбор қаласы болды, мұнда 1910 жылдың 10 наурызы күні келдім» [14, 37 б.], – нақты 1909 жылы Қарқаралыдан кеткенін көреміз. Осы ойды Ахмет Байтұрсынұлының 1914 жылы «Қазақ» газетінде «Губернатор өзгеруі» атты мақаласында губернатор Тройницкий жайлы айта келіп: «Өз басым Тройницкийге алғыстан басқа еш нәрсе айтпаймын. Өйткені жалған жала, жасырын шағымға инабат етіп, бұлдаушы болмаса, менің үстімнен жасырын шағым болмас еді. Жасырын шағым болмаса, мен Қарқаралыдан Орынборға қуылмасам, Қарқаралыда тұрып осы істеп отырған ісімді істей алмас едім. Елу-алпыс балаға ғана арнап берген сабақтан алты миллион қазақты алаламай істеп отырған ісімді артығырақ көремін» [15, 251-252 б.], – деп ойын қорытындылайды.

Мақаланы қорыта айтсақ, Ұлт ұстазы, Алаш қозғалысының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының біз үшін әр кезі қымбат және халқымыз үшін бағалы болып табылады. Соның ішінде XX ғасыр басында Алты Алаштың көсемі Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш

қозғалысы Қарқаралы жерінен бастау алатынын көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Ахмет Байтұрсынұлы Қарқаралы жерінде Алаш қозғалысының бірінші күнінен бастап құру жолында аянбай тер төкті. Өз қара басын ойламай қазақ халқының қамын ойлап, ұлттық мүдде үшін саяси додаға алғашқы араласқан жері де Қарқаралы болды. Сондықтан да, ЮНЕСКО көлемінде тойланып отырған Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналып шығарылатын еңбектерде одан кейін де жазылатын мақалаларда Қарақарыл кезеңі 1904-1909 жылдары деп айшықталып көрсетілуі тиіс деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Самойлович А. А.Б. Байтұрсынов // Байтұрсынұлы Ахмет Б 20 Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар / Құрастырып, баспаға дайындаған, жауапты шығарушы Имаханбет Р.С. – Алматы: «Елшежіре», – 2013. Т. VI: –384 б.

2. Әуезов М. Ақаңның елу жылдық тойы (юбилей) // Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

3. Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар / Құрастырып, баспаға дайындаған, жауапты шығарушы Имаханбет Р.С. – Алматы: «Елшежіре», – 2013. Т. VI: –384 б.

4. Сәтбаева Ш. Ахмет Байтұрсынов // Байтұрсынов, А. Шығармалары [Текст] : өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / Құрастырған Шәріпов Ә., Дәуітов С. - Алматы : Жазушы, 1989. - 320 б.

5. Нұрғалиев Р. Алып Бәйтерек // Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

6. Нұрпейісов К. Аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері // Байтұрсынұлы Ахмет Б 20 Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар / Құрастырып, баспаға дайындаған, жауапты шығарушы Имаханбет Р.С. – Алматы: «Елшежіре», – 2013. Т. VI: –384 б.

7. Ісімақова А. Ахмет Байтұрсынұлы – қоғам қайраткері, ақын, қазақ тілі мен әдебиетінің реформаторы // Байтұрсынұлы А.Б. Бес томдық, шығармалар жинағы. 1-том / Жауапты редакторы – А. Ісімақова. Кітапты құрастырып, алғысөзі мен ғылыми түсініктемелерді жазғандар: Ісімақова А.С., Г.Шрәлиева, С.Сәкенов, К.Мустафаева. – Алматы, «Алаш», 2003. - 408 бет.

8. Ісімақова А. Мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, қазақ тілі мен әдебиетінің реформаторы // Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Елшежіре», – 2013. Т. I: –384 б. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Ісімақова А.С., Пірәлі Г.Ж., Сәкенов С.Б., Мұстафаева К. Жауапты редактор: Ісімақова А.С. Жауапты шығарушылар: Имаханбет Р.С., Ойсылбай А.Т.

9. Р. Сахыбекқызы Ғұлама ғұмырнамасы: мұрағат деректері // Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар / Құрастырып, баспаға дайындаған, жауапты шығарушы – Имаханбет Р.С. – Алматы: «Елшежіре», – 2013. Т. VI: –384 б.

10. Тайшыбай З. Ахмет және Қарқаралы // <https://ortalyq.kz/ahmet-zh-ne-ar-araly/> 27.05.2021. Қаралды. 10.09.2022 ж.

11. Смағұлов Н., Амрина М. Бір суреттің тарихы 08.09.2022 <https://ortalyq.kz/48465454132131-2/?fbclid=IwAR0L4Wt-rH96ET6pEyYfsT5WcuBgoX80D8mTXknGZ0wgi83MIVcCn9RVnCO> Қаралды. 10.09.2022 ж.

12. Попов Ю. Индустриальная Караганда, 23.06.2014 / история <https://nomad.su/?a=15-201406230015> Қаралды. 10.09.2022 ж.

13. Алмасбек Ә. Ресей мұрағатынан Ахмет Байтұрсынұлының белгісіз болған жаңа қолжазбасы табылды // 29 Сәуір, 2021 ж. <https://abai.kz/post/132530> Қаралды. 10.09.2022 ж.

14. Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар / Құрастырып, баспаға дайындаған, жауапты шығарушы – Имаханбет Р.С. – Алматы: «Елшежіре», – 2013. Т. VI: –384 б.

15. Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы. «Ер Сайын», «23 жоктау» ауыз әдеби мұрасы, көсемсөздері, табылған туындылары / Жауапты редакторы – Ісімақова А.С. Құрастырып, баспаға дайындап, түсініктерін жазған жауапты шығарушы – Имаханбет Р.С. – Алматы: «Елшежіре», – 2013. Т. V: – 384 б.

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ-АХМЕТ

*Акниязов А.М.
Ы.Алтынсарин атындағы №204 орта мектеп
География пәнінің мұғалімі
Қызылорда облысы
Қазалы ауданы
Әйтеке би кенті, Қазақстан*

Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға.

Әрбір көзі ашық адамға А. Байтұрсыновтың кім екенін таныту үшін осы сөздер де жеткілікті болар еді. Дегенмен, сәл анығырақ айтсақ, А. Байтұрсынов ағартушы ғалым болу үшін елеулі еңбектер атқарып, мемлекет қайраткерлігіне жету үшін қиын да күрделі жолдардан өтті. 1905 жылы педагогикалық училищені бітірген А. Байтұрсынов Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық қызмет етті, жатпай-тұрмай еңбек етіп, қайткенде қазақ халқының көзін ашуға, санасын оятуға барын салды. Яғни, Ыбырай Алтынсариннің қазақты сауатсыздықтан құтқару үшін қалаған сара жолын әрі қарай жалғады. [1;156]

А. Байтұрсынов – ХХ ғасырдың басында демократиялық бағыттағы зиялылардың көшін бастаушылардың бірі, сондай-ақ Алаш партиясы мен Алаш автономиясын құруда басты рольді атқарушылардың бірегейі болды десек артық айтқанымыз болмас.

А. Байтұрсыновтың осы оқу-ағарту идеясы – қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі болып табылды. Әрине, А. Байтұрсыновтың еңбегі жанып, арманы орындалды десек әбден болады.

Бір сөзбен айтқанда, ол өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім мен ғылымның дамуына, ағартушылық ісіне арнады.

Байтұрсыновтың саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсыновты қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына